

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қаулысы 2001 жылғы 21 желтоқсан N 18/2

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Төраға Ю.А. Хитрин, Кеңес мүшелері Н.І.Өкеев, Ж.Д.Бұсырманов, А. Есенжанов, А.К.Котов, Қ.Ә.Омарханов және В.Д.Шопин қатысқан құрамда, өтініш субъектісінің өкілі - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Ш.А.Оразалиновтің қатысуымен, өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Парламенті бір топ депутаттарының Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000_ 1-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру жөніндегі өтінішін қарады.

Қолда бар материалдарды зерделеп, баяндамашылар Конституциялық Кеңестің мүшелері Ж.Д.Бұсырманов пен А.К.Котовты, отырысқа қатысушылардың сөйлеген сөздерін тыңдап шығып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны анықтады:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне 2001 жылғы 28 қарашада Қазақстан Республикасы Парламенті бір топ депутаттарының Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000_ 1-бабы 1-тармағын, "Қазақстан Республикасы өзін ... әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары", - деген сөздері бөлігінде ресми түсіндіру жөніндегі өтініші келіп түсті.

Өтініште, "Қазақ КСР-інде азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" Заңның талаптарын бұза отырып, Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі алқасының 1994 жылғы 23 қыркүйектегі N 5 қаулысымен зейнетақыны қайта есептеу үшін төмендетілген базалық көрсеткіш белгіленгені, соның нәтижесінде зейнетақының ең аз мөлшері де, ең көп мөлшері де едәуір төмендетілгені айтылған. Бас прокуратураның талап-арызы бойынша Жоғарғы Сот бұл құжатты заңдарға қайшы келеді деп тапты. Соған қарамастан, Республика Үкіметі 1996 жылғы 12 шілдеде N 899 Р960899_ қаулы қабылдап, базалық көрсеткішті белгілеу жөніндегі мәселені Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қалай шешкен болса, бұл қаулыда да ол солай шешілген болатын. Одан тыс, бұл нормалар Үкімет актісі шығардан анағұрлым бұрын туындаған құқықтық қатынастарды қамтитын, ал ол Республика Азаматтық кодексі К941000_ 4-бабының азаматтық заң актілерінің кері күші туралы ережелеріне қайшы келетін.

Парламент депутаттарының пікірінше, Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің және Үкіметтің жоғарыда аталған қаулылары арқылы, экономикалық мақсатты көздей

отырып заңдылық принциптері бұзылған, соның нәтижесінде зейнеткерлердің конституциялық құқықтарына нұқсан келген.

Жоғарыда баяндалғанға орай депутаттар Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000_ 1-бабы 1-тармағына, "әлеуметтік мемлекет, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары", - деген ұғымдары бөлігінде, Республика Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің және Үкіметінің жоғарыда аталған қаулыларына қатысты қолданыста түсіндірме беруді с ұ р а й д ы .

Өтінішті қарау кезінде Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі м ы н а н ы е с к е р д і .

1. Өтініштен келіп шығатыны, Республика Конституциясының 1-бабы 1-тармағын түсіндіруден тыс, Парламент депутаттары Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі алқасының 1994 жылғы 23 қыркүйектегі N 5 және Республика Үкіметінің 1996 жылғы 12 шілдедегі N 899 Р960899_ қаулыларының конституциялылығы туралы мәселе қ о я д ы .

Парламент депутаттарының конституциялық нормаларды ресми түсіндіру жөніндегі өтініштерін қарау Конституциялық Кеңестің құзырына кіреді.

Нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігі туралы мәселеге келер болсақ, Конституцияның 72-бабы 1-тармағына сай, Конституциялық Кеңес депутаттардың мұндай өтініштерін қарай алмайды. Бұл аталған құқық Конституцияның 72-бабы 2-тармағымен соттарға беріліп, ол Конституцияның К951000_ 76-бабы 2-тармағының және 78-бабының ережелері шеңберінде жүзеге асырылады.

Республиканың Конституциясы, заңдары, өзге де нормативтік құқықтық актілері мен халықаралық шарттары негізінде туындайтын барлық істер мен даулар, Конституцияның 76-бабы 2-тармағымен сот билігінің юрисдикциясына жатқызылған.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" U952737_ конституциялық заң күші бар Жарлығының 1-бабына сай, Конституциялық Кеңес өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде саяси және өзге себептерді негізге ала алмайды және соттардың немесе басқа мемлекеттік органдардың құзыретіне жататын барлық жағдайларда өзге мәселелерді анықтау мен зерттеуден қалыс тұруға міндетті.

Атқарушы билік органдарының зейнетақыны қайта есептеу үшін базалық көрсеткіш есебін жасауының заңдылығы туралы мәселе, Конституциялық Кеңестің емес, соттардың және тиісті өкілетті мемлекеттік органдардың қарау нысаны болып табылып, олар Конституция нормаларының жоғары тұруы туралы принциптерді ескеруге тиіс.

2. Конституцияның К951000_ 1-бабының 1-тармағы, "Қазақстан Республикасы өзін ...әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; ...", - деп жариялайды. Конституцияның І-бөлімінің бұл жалпы ережесі, Қазақстан, мемлекеттің мүмкіншілігіне қарай отырып, өзінің азаматтарына игілікті өмір сүру үшін жағдай жасау және жеке адамның еркін

дамуы арқылы әлеуметтік теңсіздікті жұмсартуға міндеттеме алатын мемлекет ретінде дамуға ниет танытады дегенді білдіреді. Бұл ереже Негізгі Заңның мынадай: азаматтардың жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға, тынығу, заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа құқығы (24-бап); жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айрылған жағдайда ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшеріне, әлеуметтік қамсыздандырылуға кепілдік берілуі және ерікті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша нысандарын жасаудың және қайырымдылықтың көтермеленуі (28-бап); азаматтардың денсаулық сақтауға, заңмен белгіленген кепілді медициналық көмек көлемін тегін алуға құқығы (29-бап); тегін орта білім алуға, конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға кепілдік берілуі (30-бап); адамның өмір сүруі мен Денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны мемлекеттік қорғау (31-бап); отбасын, ана мен әке және баланы мемлекеттік қорғау (27-бап); мемлекеттің азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасауы, тұрғын үйді заңмен белгіленген нормаларға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорларынан азаматтардың шама-шарқы көтеретін ақыға беруі (25-бап), сияқты әртүрлі н о р м а л а р ы н д а а ш ы л а д ы .

Конституцияның 1-бабы 1-тармағының талданып отырған ережесінде "өзін орнықтырады" деген тіркес қолданылған, ол әлеуметтік мемлекет ретінде Қазақстан дамуының ырғақтылығын көрсетеді, оған сөзсіздік және әлеуметтендіру процесіне бағытталғандық сипат береді. Республиканың өзін әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыруы, сондай-ақ Қазақстан қоғамында әлеуметтік әріптестік пен оң қ а р с ы л а с т ы қ да м у ы н к ө з д е й д і .

Қазақстан Республикасы үшін, Конституцияның 1-бабының 1-тармағына сай, "адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына болып табылады ". Конституцияның I-бөлімінің бұл жалпы ережесі Қазақстан Республикасы үшін жалпы адамзат құндылықтарының басымдығы болатынын айғақтайды.

Конституцияның II-бөлімінде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының тізбесі беріледі. Конституцияның 12-бабы 2-тармағына сай, адам құқықтары мен бостандықтары оларға тумысынан жазылған, олар абсолютті болып танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады. Конституциялық Кеңес "Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000_ 4-бабының 1-тармағын және 12-бабының 2-тармағын ресми түсіндіру туралы" 1996 жылғы 28 қазандағы S9606_2_ қаулыда былай: "адам құқығы мен бостандығы, осы құқық пен бостандықтың жүзеге асырылуының жағдайлары мен тәртібін белгілеуші заңдар жасаған және қабылдаған кезде Конституция жариялаған адам құқығы мен бостандығы негіз болады. Адам құқығы мен бостандығын белгілеуші заңдарды, Конституцияның 39-бабының 3-тармағында келтірілгендерді қоспағанда, мемлекеттің шынайы

әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктеріне қарай, белгіленген тәртіппен заң шығарушы орган өзгерте алады", - деп атап көрсеткен болатын. Қазақстан Республикасында Конституцияға К951000_ сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

Баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын, 76-бабының 2-тармағын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" У952737_ конституциялық заң күші бар Жарлығының 1-бабын, 17-бабы 3-тармағының 1) тармақшасын, 32, 33, 37-баптарын және 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағы, "Қазақстан Республикасы өзін ... әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары." деген сөздері бөлігінде, Қазақстан Республикасы мемлекеттің шынайы мүмкіндіктеріне сәйкес әлеуметтік мемлекет міндетін орындауға ұмтылады дегенді білдіреді. Қазақстанда Конституцияға сәйкес адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

2. Конституциялық Кеңес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 шілдедегі N 899 Р960899_ қаулысының және Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі алқасының 1994 жылғы 23 қыркүйектегі N 5 қаулысының Конституцияға сәйкестігін, өтініш нысанына қатысты қолданыста қарауға хакылы емес.

Конституцияның 76-бабы 2-тармағына сәйкес, Конституцияның, заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің негізінде туындайтын барлық істер мен даулар сот билігінің құзырына кіреді.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000_ 74-бабы 3-тармағына сәйкес осы қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабы 4-тармағында көзделген жағдайды ескеріп, түпкілікті болып табылады.

4. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
К о н с т и т у ц и я л ы қ К е ñ е с і н і ñ

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК